



БАСПАСӨЗ МӘЛІМДЕМЕСІ

Алматы қ.

2024 жылғы 12 наурыз

KASE жылдық есептер байқауының қорытындысын шығарды

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (бұдан әрі – Биржа, KASE) 2024 жылғы 12 наурызда жылдық есептер байқауының қорытындысы бойынша үздік нәтиже көрсеткен ұйымдарды марапаттау рәсімін өткізді.

Биржа аталған байқауды Қазақстанда қаржылық емес есептілікті дайындау тәжірибесін дамыту мақсатында ұйымдастырды.

Байқау барысында байқауға қатысуға өтінім берген Қазақстан Республикасының резиденті болып табылатын заңды тұлғалардың 2022 жылғы жылдық есептері мен тұрақты даму туралы есептері бағаланды.

Биржа қатысушылар ұсынған есептердің әртүрлі сипаттамаларын сараптау әдістері ескерілген арнайы бағалау тәртібін әзірледі. Жылдық есептер барлығы 150 көрсеткіш бойынша сараланды. Байқауға қаржылық және қаржылық емес сектордың ұйымдары, сонымен қатар жария емес компаниялар қатарынан 21 өтінім берілді.

Байқау шеңберінде негізгі және қосымша номинациялар құрылды.

Негізгі номинациялар

"2022 жылдың үздік жылдық есебі" номинациясы бойынша дипломдармен марапатталған компаниялар:

– қаржылық сектордың компаниялары – "ForteBank" АҚ лауреат, "Қазақстандық тұрғын үй компаниясы" АҚ және "Qazaqstan Investment Corporation" АҚ жүлдегерлер ретінде;

– қаржылық емес сектордың компаниялары – "Қазатомөнеркәсіп" Ұлттық атом компаниясы" АҚ лауреат ретінде, "ҚазТрансОйл" АҚ және "ҚазМұнайГаз" Ұлттық компаниясы" АҚ жүлдегерлер ретінде.

"2022 жылғы тұрақты даму туралы үздік есеп" номинациясы бойынша дипломдармен марапатталған компаниялар:

– "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" АҚ лауреат ретінде, "ҚазМұнайГаз" Ұлттық компаниясы" АҚ және "First Heartland Jysan Bank" АҚ жүлдегерлер ретінде.

Қосымша номинациялар

"Жария емес компанияның 2022 жылдың үздік жылдық есебі" номинациясы бойынша дипломдармен марапатталған компаниялар:

– "Тау-Кен Самұрық" ҰМК" АҚ лауреат, "Қазпошта" АҚ және "Samruk-Kazyna Ondey" ЖШС жүлдегерлер ретінде.

KASE жылдық есептер байқауын 2022 жылдан бастап өткізуде. Жылдық есептерді бағалауды KASE қызметкерлері, сондай-ақ жылдық есептерді бағалау және дайындау саласындағы

қазақстандық сарапшылар жүргізді. Бұған дейін аталған байқауды "Эксперт РА Қазақстан" және "QRA" рейтинг агенттіктері өткізген болатын.

Анықтама үшін:

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE) Орталық Азия өңіріндегі жетекші қор биржасы болып табылады. KASE бағалы қағаздармен сауда-саттық көлемі бойынша ТМД биржалары арасында екінші және FEAS биржаларының акциялар нарығын капиталдандыру көлемі бойынша төртінші орында.

Бұл корпоративтік және мемлекеттік бағалы қағаздар, халықаралық қаржы институттарының облигациялары, шетел валюталары, ақша нарығының операциялары – репо және своп, сондай-ақ туынды құралдар үшін әмбебап сауда-саттық алаңы.

KASE халықаралық биржалар Федерациясының (WFE), Еуро-Азия қор биржалары Федерациясының (FEAS), Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдері биржаларының Халықаралық қауымдастығының (ТМД БХҚ), The Global Association of Central Counterparties (CCP Global) және басқа да халықаралық және отандық кәсіби бірлестіктердің мүшесі, сондай-ақ БҰҰ-ның "Тұрақты қор биржалары" – Sustainable Stock Exchanges Initiative бастамасының қатысушысы болып табылады.

Қосымша ақпарат: +7 (727) 237-53-42, pr@kase.kz.